

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі N 789 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 385 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1264 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1.»Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі N 789 қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әбілезов	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі
Қарыбай Тілеубергенұлы	
Пірматов	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Ғалымжан Олжаұлы	
Шыналиев	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Индустриялық-инновациялық даму бөлімі меңгерушісінің орынбасары
Ғазиз Қоршабекұлы	

"Баталов Асқар Болатұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Баталов Асқар Болатұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары

"

;

көрсетілген құрамнан Құсайынов Марат Әпсәметұлы, Ыбыраев Азамат Болатұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК